

**«Сейфуллин оқулары – 22: Болашақтың ауылшаруашылық жүйелері: тұрақты даму,
инновациялар және төмен көміртекті шешімдер» атты халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция**

2026 жылғы 10 сәуірде С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде «Сейфуллин оқулары – 22: Болашақтың аграрлық жүйелері: тұрақты даму, инновациялар және төмен көміртекті шешімдер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция аясында барлығы 7 секция жұмыс істеді. Солардың бірі – Бизнес және цифрлық технологиялар институты ұйымдастырған «Цифрлық трансформация, экономикалық модельдер және аграрлық жүйелердің дамуын басқару» атты секция. Аталған секция онлайн және офлайн форматта, үш тілде өткізіліп, ғылым мен тәжірибені ұштастырған мазмұнды диалог алаңына айналды.

Секция барысында 30-дан астам ғылыми баяндама тыңдалып, цифрландыру жағдайындағы қаржы жүйесінің өзекті мәселелері, инновациялық шешімдер мен заманауи үрдістер жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар, конференция жұмысына Нигериядан, Ресей Федерациясының Уфа қаласынан және Түрікменстаннан келген ғалымдар, студенттер, магистранттар мен докторанттар онлайн және офлайн форматта қатысып, өз баяндамаларын ұсынды. Бұл халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың кеңейіп, тәжірибе алмасудың жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Мұндай ғылыми-практикалық конференциялардың маңызы зор. Олар:

- ғылым мен білімді интеграциялауға;
- жас ғалымдар мен зерттеушілердің әлеуетін дамытуға;
- тәжірибе алмасуға және жаңа идеяларды қалыптастыруға;
- цифрлық трансформация жағдайында тиімді шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда аграрлық сектор мен қаржы жүйесінде тұрақты даму қағидаттарын енгізу және төмен көміртекті экономиканы қалыптастыру – негізгі басым бағыттардың бірі. Осы тұрғыда мұндай конференциялар ғылыми ой-пікірлерді біріктіріп, болашаққа бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеуде маңызды рөл атқарады.

